

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Махаббат қызық мол жылдар

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.05.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/139019/

Махаббат қызық мол жылдар

Махаббат өмірдің қызыққа толы сәттерінің бірі. Махаббатсыз адам солып қалған гүлмен тең. Себебі, адам өміріне өзгерістер енгізетін ерекше тылсым ол махаббат. Адам баласы өмірге бір ақ рет келеді сол секілді оның жүрегінде бір ғана жан болады. Сол адам оның жүрегіндегі мәңгілік махаббаты болып қала береді.

Махаббат ол ең қызықты жылдардың бірі. Тіпті ол жылдар кей бір адамдардың өміріне сабақ болыпта жатады. Махаббат бұл сөздің өзі адам жанына ерекше сезім ұялатады. Адам өмірге келгеннен кейін ғашық болады. Сол ғашық болған жандардың арасынан өмірдегі шынайы махаббатын табады. Кей бір адамдар махаббат сөздің мағынасына мән бермей жатады тіпті ойыншық секілді көреді. Алайда өмір бір ақ рет берілген секілді шынайы махаббатта біреу ақ болады. Махаббат адам жанының дерті. Дүрсілдеп соғып тұрған жүрек кейде жараланады себебі, шынайы махаббатым деп қабылдаған адамы оның жанын жаралайды. Жанды жаралап, жүректі ауырту деген ол үлкен қағбаны құлатқан мен тең. Адам баласы шынайы ғашық болғаннан кейін оны бағалауы қажет босқа оны үміттендіріп қойғаннан көрі. Егер шынайы махаббатты бағалай алмасаң сол адамның жүрегінде үлкен жара қалдырудың қажеті жоқ.

Махаббат бұл сөздің өзі киелі. Махаббатсыз адамның жүрегі шынайы махаббатты сезіне алмайды. Ал шынайы махаббат жүректің дүрсілі мен ғана болады. Адам өмірін қызыққа толтыратын ол Махаббат қызық мол жылдар. Сондықтан да шынайы ғашық болған адамды бағалап Махаббат сөзіне дақ түсірмейік.

JOURNALISTAR медиа мектебінің оқушысы Турапова Сымбат

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.